**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 қаңтар N 15. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.12.31. N 1747 қаулысымен. ~P961747

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойындар бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 P950974_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 281-құжат) мынадай өзгерту енгізілсін:

"Ататын және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдары үшін сатып алынғандардан басқа)" деген жолдағы "40" саны "20" санына алмастырылсын.

2. Ататын және газ қаруына (мемлекеттік өкімет органдары үшін сатып алынғандардан басқа) белгіленген акциздер ставкасы 1996 жылғы 10 қаңтардан бастап қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК